алғашқы тұлға. Бұл – тілді оқыту әдістемесі бойынша қорғалған тұңғыш диссертация. Өз заманында бұл – ғылымдағы өте зор жетістік. Дау жоқ аталмыш зерттеу – қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда мұғалімдерге терең ой салған, осы саладағы зерттеуші ғалымдарға үлгі болған, олардың ғылыми ізденістеріне негіз берген зерделеу туындысы. Күні бүгінге дейін аталмыш салада қорғалған диссертациялардың қайсысы болмасын бұл зерттеуді айналып өткен емес. Кейінгі тұстарда жазылып қорғалған диссертациялардың бәрінде де ғалым Шамғали Сарыбаевтың зерттеу еңбегі жоғары бағалануы көп тұстан хабар бергендей.

Ізденімпаз ғалым өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесінде тәжірибелік, теориялық тұрғыдан да ірі табыстарға қол жеткізе білді. Мәселен, ғалым - ұстаз оқытқан академик М.С.Сильченко, академияның корреспондент-мүшесі Н.С.Смирнова сынды ғалымдар қазақ әдебиетіне қатысты еңбектерді қазақ тілінде оқып түсінумен қоса, оны терең зерттеу дәрежесіне көтерілгені мәлім. Ал баспасөз бетінде жарияланған материалдарға жүгінсек, мұғалімдер қауымы, шәкірттер шоғыры Шамғали Харесұлы еңбектерін жоғары бағалағанын байқау қиын емес. Мәселен, Ө.Әдірахманов, Е.Ділмұхамедов сынды ғалымдар «Өрен ұстаз, таңдаулы методист» деген мақаласында Ш.Х.Сарыбаевтың 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналының 7-8 - сандарында жарияланған «Тіл құралды оқытудағы тәжірибе» атты мақаласы мен 1932 жылы Ташкентте тіл мұғалімдері үшін басылып шыққан «Жаздырып үйретудің әдістері» кітапшасындағы теориялық - әдістемелік тұжырымдарын қазақ тіл біліміндегі іргелі түйіндер сапына қосады. Сондай-ақ, ғалымның тіл білімі мәселесіне арналған мақалаларының бірсыпырасы ғылым саласының ең бір күрделі мәселелерін көтерген. Мысалы, «Грамматикалық мағына деген не?» мақаласы, немесе төрт етістік (отыр, тұр, жүр, жатыр) туралы пікірлері, бір жағынан, ғалымның сол кездегі білімділік дәрежесіне өлшем болса, екінші жағынан, осындай қиын мәселелерде өз пікірін дәлелдей аларлық оның ғалымдығын да айқындайды. Бұған қоса ғалым қазақ жазуының қайта-қайта өзгеруі емленің қалыптасуына үлкен кедергі келтірген тұста бұрынғы төте жазу, 1930-1940 жылдар аралығындағы латын алфавиті, 1940 жылдан кейінгі орыс алфавитінің оқу ісін де, жазу ісін де қиындатып жібергеніне қатысты біраз мақалаларын емлені оқытуға арналған («Емле жүйелері», «Еңбектің» әріптері туралы), «Еңбектің» жазуы туралы», «Түрліше жазылатын бір мәнді сөздер туралы», «Қазақ сөйлеміндегі үтірдің жазылатын орындары», «Ы», «І» - нің жазылуы туралы», «Қосылып жазылатын сөздер мен қосылмай жазылатын сөздер», «Қосылып жазылатын сөздердің екінші түрі»). Сондай-ақ ғалымның баспа бетін көрмеген жазбаларының тақырыптары да сан алуан («Жазылуы қиын сөздердің емлесін үйрету», «Сөз ішінде бір-біріне тетелес, әрі дыбыстас екі дауыссыздың емлесін үйрету», «Біріккен сөздер», «Оқу кітаптарында орфографиялық темалар

қалайша орналасуы керек және орфографиялық норма», «Қазіргі орфографиямыз бен әрпіміз», «Жазудың маңызы», «Сан есімді оқытуға байланысты мәселелер»).

Бір жағбабы, Ш.Х.Сарыбаев «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» атты әдістемелік еңбегінде орта мектептегі қазақ тілінің әр сабағының оқытылу әдістемесінің жүйесін жасаған. Тіл мұғалімдері ғалымның осы еңбегі арқылы әр тақырыптағы сабақтарды қалай оқытуды үйренген. Осы еңбекте ғалым тілдегі әр тақырыпты қалай оқытудың үлгісін берген, онда қолданылатын әдіс-тәсілдерді, тілдегі әр тақырыпты оқытқанда кездесетін қиыншылықтардан жеңіл өтудің жолдарын да, қате жолға түспеу үшін істелетін жұмыстарды да көрсеткен. Қысқасы, әдіскер-ғалым әр тақырыптағы сабақтың тұтас сәтіндегі кезеңдік жұмыстардың жүргізілу әдісін жүйелі түрде ұсынған. Сол арқылы мұғалімдердің сабақта қателеспейтін жағдай жасаған. Бұл – жас мұғалімдер үшін жасалған үлкен қамқорлық, тәжірибелі мұғалімдер үшін тиімді тәжірибе. Мәселен, мұғалімнің әр сабақты өзі дайындамай маман әдіскерлер арнайы дайындаған тәсілмен сабақ өткізу арқылы сабақ сапасын қамтамасыз етуі шет елдік оқыту технологиясында бүгінде кең орын алынған. Осы реттегі әр сабақ әдістемесін дайын түрде ұсыну елімізде Ш.Х.Сарыбаевтан басталғандығы айқын. Ғалым-әдіскердің «ІІІ кластың қазақ тілі оқулығына методикалық нұсқаулар» атты еңбегі де осы бағытта жазылған. Демек, қазақ тілін оқытудағы әр жеке сабақ әдістемесін жасаудың негізін қалаушы – Шамғали Сарыбаев. Бұл тұста мұғалімнің жеке ізденісін де жоққа шығармасымыз даусыз.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының құнарлы ойларына үңілсек, жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ, бір ғана әдісті болу – олақтық, түрлі әдісті болу, керек орнында жоқ әдісті табу – шеберлік, мұғалім әдісті көп біліп, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс ете білуі тиістігін атағаны бар-ды. Демек, әдіссіздік – әлсіздік. Осы тұрғыдан келгенде Шамғали Сарыбаевтың әдістемелік шеберлігінің оқыту үдерісіндегі көрінісіне дәлел болар тәсілдері де бір шоғыр. Ғалым-әдіскер оқыту ісіндегі жүйелілік, байланыстылық тәсілін қолдап, сабақ түсіндірудегі сатылық тәсілдерге (тақырыпты тақырыпшаларға бөле, бірітіндеп түсіндіру; жеңілден ауырға, қарапайымнан



күрделіге, жалқыдан жалпыға, жалпыдан жалқыға қарай түсіндіру; тақырыпты негізін түсіндіруден бастау) акцент береді.

Тақырыпты қарапайым, ең тиімді жолмен түсіндіре келе, оқыту үдерісіндегі нақтылыққа баса мән береді. Оқушы белсенділігін өз деңгейінде ұстау, арттырып отыру (оқушыны сабаққа қатыстыру, назарын аудару, сұрақ беру, жауап алу, ортақ мақсатқа, іске жұмылдыру) әр кез ескеріліп, оқытуда салыстыру, қайталау, пысықтау, көрнекілік әдістеріне бойлап, сабақты түрлендіруді, нәтижеде оқушыны ойландыра оқытуды (жазба жұмысы немесе келтірілген мысалдар арзан сөздерге құрылмай тиістілігі, естіп жазу, көріп жазу, түсінікті жазу, есте сақтауға мүмкіндік жасау әдістерін қолдану) таразылайды. Демек, ғалым қолданған түрлі амал-тәсілдердің қай-қайсысы болмасын Ш.Сарыбаев еңбектерінде түрлі тақырыптарға байланысты қолданысқа түсіп, тиімділігі эксперимент нәтижесінде айқындалған.

Әдіскер ғалым Ш.Сарыбаевтың қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда ұсынатын негізгі қағидалары әдістемелік-тәжірибелік тұрғыда аса құнды (Тіл үйретудің әдістемесінде оқушылардың ана тілінің ерекшеліктерін есепке алу, оны қажетіне қарай пайдалану, салыстырмалы әдісті қолдану; үйретілген сөзді игеруде тілдік деректерді дұрыс таңдау, дұрыс белгілеу; сабақ мазмұнын белгілеуде байланыстылық қағидалар негізге алу (тақырыптық байланыс, грамматикалық мәселелердің байланысы); сөздік қорды байыту, сөз таңдауда оның күрделі қолданысын ескеру, сөз үйретуді деректі мағыналы сөзден бастап, дерексіз мағыналы сөзді кейінірек алу; сабақтың уақытын әр жұмыс түріне дұрыс бөлу, онда оқушының білімін, ынтасын ескеру, тақырыпты, қарастырылатын мәселелерді оқушының меңгеруін есепке алу; мәтін тыңдауда ондағы жаңа сөздің есептен тыс көп болмауын ескеру; сабақта көрнекілікке мән беру; оқушыны жалықтырмау үдесінде сабақты түрлендіру; қажетіне қарай түрлі әдістерді дұрыс тыңдау, тиімді қолдану; оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруды үнемі есте ұстау).

Қысқасы, ғалым Шамғали Сарыбаев көтерген тілді оқытудың қай мәселесі де кемел ұстаздық ойға, терең теориялық негізде құрылғаны анық. Бұл ғалымның шын мәнісінде тіл әдістемесіндегі білгірлігін айқындайды.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
қоғам қайраткері, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

«Шешендік мектебі» («Школа ораторства») - «School of oratory» жаршысының жауапты редакторы - А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



Мәдениет және өнер

Культура и искусство
Culture and art

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.
Жузефир ал-Фараби

Весь мир театр, а люди в нем актеры.

Уильям Шекспир

№6, қазан, 2018 жыл

Чудо!

Өнер өрге жүзгізер

2018 жылы қыркүйек айының 21-і мәдениет және өнер факультетінің «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының 1-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Біз бастаған бастама» атты концерттік бағдарлама ұсынылды. Дәстүрлі түрде өтетін сазды кеш бұл жолы да өз бағытынан танбады. Шара мақсаты – жаңа ортамен танысу, студенттік қоғамдық өмірге белсене араласу.



Сазды бағдарламаға мәдениет және өнер факультетінің деканы Абат Қыдыршаев, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты. Талаптылар мен таланттылардың ордасына жиналған студенттеріне оң қадам тілеген Абат Сатыбайұлы: – Ақыл жастан, тәрбиесі болса. Сіздердің бойларыңызда озық ой, сапалы білім және қайталанбас өнер болуы тиіс. Адам баласы жастық кезеңде уақыт қадірін біліңкіремейді. Болашағын ойлаған әрбір жас өз уақытын босқа жоғалтпауы керек. Өнерлерің өрге жүзсін, – деді.

«Талант әр алуан. Оның қыры мен сырын жарқ еткізіп

аша салу кімге де болса қиын. Әсіресе, бұл – ұлы жазушы, ірі таланттарға тән сипат», – дейді атақты жазушы Б.Майлин. Студенттік кезеңге жаңадан қадам басқан студент жастар қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Әсем ән мен күмбірлі күйден шашу шашты. Қызықты ойындар ойнатылып, көрермендердің зияткерлік қабілетін шыңдады. Адамның адамшылығы қай істі де бастауынан көрінеді емес пе?! Алғашқы бастамадан ұйымшылдық танытқан топ студенттеріне тек оң қадам тілейміз.

Гүлзінат ИБРАГИМҚЫЗЫ,
БД-21-топ («Кітапхана ісі» мамандығы)



Жүрегім алдамайды

Үлкен өмірге енді ғана аяқ бастық. Осы жолда лайықты мамандық таңдау оңай да емес. Жұмысы жоқтың ырысы жоқ. Маған да өз болашағымды айқындар таңдау жасау қажет болды. Ұстаздарым да, сыныптастарым да, туыстарым да – бәрі де маған зор үмітпен қарайды. Оқудағы алғырлығымды ескеріп, менеджер, дәрігер, инженер секілді мамандықтарды таңдауға кеңестерін берді. Көп ойландым. Өзімді осы мамандықтардың иесі ретінде елестетіп, болашағым ой жүгіртіп көрдім. Иә, жоғары оқу орнын бітірген соң, бір үлкен компанияда не ауруханада беделді, қаржы жағынан қысылмайтын тұлға болармын да. Бірақ қай уақытқа шейін? Бір күні бұл тек ақша табу орны болып қалмай ма? Өйткені, бұл-өзімнің емес, айналадағы

адамдардың таңдауы. Жаным өнерге жақын. Бірақ «бұл іс маған нан болмайды» деп, кейінге ысырып қоятынмын. «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығы туралы естігенде ойланып қалдым. Бұндай мамандық бар екенін білмеппін. Сұрастыра бастадым. Қысқа айтқанда, іскер де шебер ұйымдастырушы болуға мүмкіндік бар. Өзімді сахнаның қақ төрінен «көре бастадым». Иә, менің рахаттана жүріп жасайтын жұмысым осы болмақ. Ешкімнің ақылыңыз таңдау жасадым, осы мамандық бойынша оқуға түстім де. Меніңше, мамандық таңдау-өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Халқымызда: «Адам екі түрлі жағдайда қателеспей керек: бірі-жар таңдағанда, екіншісі-мамандық таңдағанда» деген бар. Әрине, жалақысы жоғары мамандықты таңдау да дұрыс шығар. Алайда сүйіп таңдар жұмысыңнан көп жетістікке жетіп, үлкен белестерді бағындырыңа еш күмән жоқ. Осы алдағы төрт жыл ішінде білгенімді көрсетіп, білмегенімді жарқырата толықтырып, өз ісімнің нағыз маманы болғым келеді.

Загира ЖҰМАҒАЛИЕВА,
МТЖ-11-топ

Біз таңдаған мамандық

Ата-анамның үмітін ақтармын



Менде балалық шағымнан өнер жолында жүрсем деген арман болатын. Ата-анам мені жан-жақты болуға баулыды. Әкем де, анам да өздерінің оқуға жағдайы болмағанын айтып, енді апам екеуміздің белгілі бір маман иесі болуымызды қалайтын-ды. Мектеп бітірген соң, мәдени-тынығу жұмысы мамандығын таңдауда көп ойландым. Ата-анамның қара қыздарын қолдауы ерекше жігер берді. Ішкі қорқыныш та, алаңдаушылық та жоқ емес. Көз қорқақ, қол батыр. Емтиханға келерде факультет деканы Абат ағаға жолығып, мамандық туралы толық мәлімет алдым. Ол кісі ашық-жарқын қарсы алып, бәрін де нақтылы түсіндірді. Әсіресе, «бойыңды тік ұста, ештеңеге алаңдама, бәрін де табиғи айта біл» дегені әлі есімде. Ұстаз-ғалым ағамызға алғысым шексіз. Нәтижеде университет студенті атандым. Мен өз мамандығымды сүйіп таңдадым, енді әрбір пәнді сүйсініп оқудамын. Бұйыртыса, жүрегім қалаған мамандық иесі болмақпын. Ендігі мақсат-оқуда үздіктер сапында болу, қызыл диплом иесі атану. Асқақ арманым алдамас, сірә! Титтей жүрегім қалаған маман иесі болу арманымға еңбек ету арқылы жетпекпін.

Гүлсезім ТӨЛЕГЕНОВА,
МТЖ-11-топ



Это моя судьба

Закончив 11 классов, я поступила в Западно-Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова. С самого детства мечтала поступить именно в это учебное заведение. И моя мечта осуществилась. Я учусь на факультете культуры и искусства. Специальность: «Культурно-досуговая работа». Многие часто задают мне вопрос: «Почему я выбрала эту специальность?». Но задают мне этот вопрос те, которые меня совсем не знают. С самого детства у меня было влечение к сцене. Я пела, танцевала, проводила мероприятия. Но я не стала развивать свой талант и в школе свое внимание уделяла литературе. Стать учителем тоже входила в пункты моих желаний. К сожалению, на Едином национальном тестировании, я набрала недостаточно баллов, чтобы поступить на филологический факультет. И меня отправили сдать творческие экзамены. И знаете, я сдала экзамены и поступила на грант! И я считаю, это моя судьба!

Анара КАНАЛИЕВА,
ер. КДР-12



Мамандығыммен мақтанамын

Дегенім болмады деме, Тұрмайды жолыңда бәрі. Мақсатым оңбады деме, Армандар орындалады! Өзгенің қандай адам екенін білу үшін оның ақыл-парасатынан гөрі, арман-мақсатына назар аудара білу орынды. Адамды өмірге ынталандырып, күллі тіршілікке мән-мағына беретін де сол арман емес пе? Бізді ғұмыр бойы алғы жетелеп, биік шыңдарға шығаратын, шабытты еңбекке жігерлендіретін де арман. Арман-қиялдың жетегінде кеткен орындалмас десек, қатты қателескеніміз. «Жеңімпаз (чемпион) жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныс, арман-мақсат жеңімпазды тудырады», - деген екен әлемді мойындатқан былғары қолғап шебері Мұхаммед Әли. Дәл осы жолда менің арманым өмірде қалаған жаңа сатыма аяқ басқызды. Өзім қалаған өнер саласы бойынша өлкеміздегі Махамбет бабамыздың атындағы университеттің мәдениет және өнер факультетінің студенті атандым. Қуанышымда шек жоқ. Мақтанарым-академик Абат Сатыбайұлының шәкірті атанғаным. Мақсатыма нық қадам бастым, ендігі міндетім-өз ісімнің шебері атану, таңдаған саламның Эверест шыңына табан тіреу. Дүлдүл қаламгер Ғабиден Мұстафинше айтсам, «арман деген көп белес, біріне шықсақ, бірі бар» демекші, ой-жоспарымның біріне қол жеткізе тұрып, екіншісіне тиянақты түрде қадам басу-менің міндетім. Таңдаған мамандығыммен мақтанамын!

Гүлназ ПАТШАГУЛОВА,
МТЖ-11-топ



Бaubек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынұлы

Журналист

(Journalist)

№1 (20), қазан, 2018 жыл

Құшағыңды аш, БҚМУ!

Арман жолында...

Дүние есігін шыр етіп аштың... Бір мезетте аялы, ыстық алақаным, махаббат пен мейірім тұнған жүрек тұсына әкеліп, еміріне иіскеді... «Бұл кім?» деген ой сені мазалап, көзіңді ашып, махаббат нұрына бөленген жанды көруге асықтың... Күн сәулесіне бөленген бет-әлпеті, еліктің көзіндей мөлдіреген жанарымен саған үздіге қарап, әлде бір жан түсініксіз сөз айтуда. «Бұл жан маған не айтуда?» деген ішкі қызығушылығың артып, оның дауысын естуге асықтың. Бұлбұл дауысты жан әлемдегі барлық жақсы сөздерді саған арнауда. Кейде күн нұрына бөленген жүзімен, саған жымиып қояды. Ол сенің жердегі періштең екенін дәл осы сәтте сезген болатынсың. Тіпті, сен үшін өмірін беруге даяр жалғыз жан осы еді. Ол-Ана. Сен үшін бүкіл әлемді қопаруға дайын жан. Кейде оның осыншама қымбат екенін түсінбейсің, кейде оның жүзіне қаяу салатын артық сөз де айтып қоямыз. Бірақ, қанша жерден ұрысып, қанша жерден ренжіп отырса да, әркез кешірімді, үлкен жүрек иесі.

Ал, әке... Әке-бұл тірегің. Өз ғұмырнамасын сенің армандарыңмен топтастырған жан. Сен жайлы мүлде уайымдамайтындай көрінгісі келеді. Бірақ, оның әркез айтқан қатқыл сөздері, құлаққа жағымды, мақтау сөздей

естіледі. Менің арманымға жетуге бар мүмкіндік жасаған, аяулы жан. Айналадағы көзқарастарға мән бермей саған әркез күш беретін, мықты тұлға.

Арал... Балалық бал дәуренінің, қайта оралмас мектеп кезіміңнің күесіне айналған-алтын ордам. Бұл жердің құмына аунадым, асыр-салып ойнадым, тіпті, кейде еркелеп те алатынмын... Енді, міне дәл бүгін балалықтың бал дәмін Аралымның ақ айдынында қалдырып, өмірдегі өз орнымды табу үшін Оралыма оралдым. БҚМУ-менің балалық арманымды жүзеге асыратын сиқырлы мекен. Білікті маман, білімді жастарды топтастырған орта. Менің өмірімдегі ең қызықты сәт, қайталанбас уақыттың осы жерде өтетініне қуаныштымын. Бірақ, туған жерге деген ыстық сағыныш оты жүректі өртеуде. Алайда, болашақта мықты тұлға болу үшін, ата-анамның ақ үмітін ақтау үшін, бұндай қиындықтарға шыдауға тура келеді. Құшағыңды аш, мен келемін, БҚМУ!!!



Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА,
Фил-13-топ

Жан қалауы

Білім биігіне өрлесем деймін

Жұмыр басты пенденің жұдырықтай жүрегінде бала кездегі шексіз қиялдан туған өз болашағы туралы армандар болады. Есейе келе арман ұлғайып, таным-түйсігі кеңейіп отырады. Балалық армандар алға мақсат қоюға үйретеді. Көз ашқалы жан-жағым педагогтар болған соң болар, менің

де ұстаздық қызметтен алшақтағым келмеді. Бойға біткен дарынның ұшқынын көріп, тілшілік жолға да түскім келеді.

Естен кетпес естеліктерге толы студенттік шағымды БҚМУ-мен байланыстыра келе таңдауым осы оқу орнына түсті. Тарихы тереңде жатқан еліміздің іргелі оқу

орындарымен иық тірестіріп отырған қара шаңырақтан білім алу - мен үшін зор бақыт. «Қай қалаға не үшін барғаныңды ұмытпа». Бұл - менің өмірлік ұраным. Мен арман қуып емес, білім қуып келдім. Кемелді келешекке керек маман болу жас өскелеңге парыз деп білемін. Ұстаздарымның үйреткенін меңгеріп, қоғамдық жұмысқа белсене араласып, үлгілі студент болуға тырысамын. Айдынды Арал жерінен жайқалған Жайық жағасына келген Сырдың қызына «өзім» деп қараңыздар! Қазіргі заманда бірсарынды ой жетегінде қалуға болмайды. Сондықтан өз арманым мен жан қалауымды ұштастырып білікті де білгір маман атанғым келеді.

Көркем ЖҰМАХАНОВА,
ҚТӘ-11-тобы

Ізденіс үзгі

Журналист болу - арманым

Еліміз жаңа дәуірге аяқ басуда. Цифрландыру әлеуметтік-экономикалық дамудың және халықтың тұрмыс жағдайын өркендетудің шешуші факторларына айналуы керек. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы осы жолдағы айрықша даярлықты, мақсаттарды айқындайды. Ендігі кезек істе. Осы орайда еліміз жастарға зор үміт жүктейді. XXI ғасырдың азаматына сай жаңаша ойлап шешім қабылдауымыз керек. Ол үшін қажетті білімді игеріп, жалықпай ізденуге тиіспіз. Сонда ғана қазіргі әлем-жәлем әлемдегі буырқанған тірліктен өз орнымызды тауып, мүмкіндіктер мұхитында еркін жүземіз. Сонда ғана уақыттан қалмаймыз, оза шабамыз. Ілгері дамыған елдерден қалмауымыз керек. Журналист болу-бала күннен бергі арманым. Бұқаралық ақпарат құралдарынан сөздің майын тамызып, нағыз қазаққа мінезбен, бітім - болмыспен танылып жүрген осы кәсіп иелерін көріп, оқып, тыңдаған сайын журналистикаға құмарлығым одан әрі арта түседі. Қызығы мен шыжығы көп бұл сала өкілдерінің жұртымызға әкеліп жатқан пайдасы, рухани ырысы ұшан теңіз. Қалам мен микрофон иелерінің нағыз қызған өмірдің ортасынан табылуы керемет емес пе. Әрине, журналист мамандығын игеру оңай емес. Өзіндік қатаң талаптары бар. Мысалы, алғашқы болып бәрін естіп, көріп, елге жеткізу басты талаптың бірі. Ең алғашқы, яғни, бірінші болу әрбір болашақ журналистің қағидасы болуға тиіс. Сондықтан қазірден бастап ізденіс үстіндемін. «Армандар орындалады, мақсатың айқын болса» деген қағида-өмірлік ұстаным. Қазағымның салт-дәстүрі, бітім-болмысы жайында хал-қадерімше көп оқып-тоқудамын. Келешек

үшін бәрі де қажет. Қорыта айтқанда, сүйікті елімізге пайда әкеліп, елдің өркендеуіне өз үлесімізді қосуымыз керек. Мына дәуір бізді осыған шақырады.

Айкөркем ХАМИДУЛЛИНА,
Фил-13-топ



Кеудемдегі көктемім

Мен көктемге ғашық болып жүргем, шын, Сөзбей, тіпті, жарқын жаздың жеткенін. Өлеңдерім енді әрлеп үлгерсін, Сұлулығын сипаттаумен көктемнің. Құстар келіп сауық-сайран құратын, Мінезі оның мейірімді, шырайлы. Көктем бізге төгетұғын шуағын, Сол себепті, көктем маған ұнайды. Көктемде мен қаламын көп қуанып, Самал желі бетімнен кеп өпкенде. Мен білетін ақиқат бар, ол - анық, Мен ғашықпын көктемге! Көктем әсер етіп жатыр дейді осы, Сезімдер мен оянатын тіршілік. Көз алдымда тұрар көктем бейнесі, Жыр жазамын бір шабытпен құлшынып.

Көркем ЖҰМАХАНОВА,
ҚТӘ-11-тобы

Журналист болам десеңіз...

Жас тілшілер бас қосқан сәт

Репортаж этюдтері



2018 жылы қыркүйек айының 22-сінде Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының кезекті басқосуы ұйымдастырылды. Басқосуға білім және ғылым қара шаңырағын таңдап келген бірінші курс студенттері мен клуб жетекшісі Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, профессор А.С.Қыдыршаев қатысты.

Өзара танысу, ілгері жұмыстарға кеңес беру бағытында өткен ауқымды мәселелер қозғалды. Клубымыздың жетекшісі болашағын журналистикамен байланыстырғысы келген 1 курс студенттеріне журналистикаға бет бұрудағы көзқарастарын айқындап алуды ұсынды. Клуб жетекшісіне мәжіліске қатысқан студенттер өз ойларын ағытты. Кейбірі төмендегіше: «*Үнемі ізденісте жүруді, тағылымды дүниелерді жұртшылыққа ұсынғанды қалаймын*», «*Журналист мамандығын таңдап, ата-анамды қуантуды жөн көремін. Сол асылдарымды теледидардың ар жағынан көрініп қуантқым келеді*», «*Алтын қалам мен ақ парақты өмірлік жолдасым, сырласым еткім келеді-ақ. Бұл салаға бүйрегім ерекше бұрады, бұл арнадан алыс жүру мен үшін қиын секілді*», «*Шындықты бетке айтатын тұлға болғым келеді*». Міне, 1 курс студенттерінің өзіндік көзқарастар легі осындай. Қысқа да нұсқа лебіз болса да, осы кішігірім сөздерінде өте үлкен дүниелер жатқандай. Көзқарас-пікірлердің қай-қайсысы да көңілге қонымды, ерекше әсерлі. Ата-ана қасынан ұзап, олардың үмітін арқалап жат қалаға, жаңа ортаға келген, үлкен өмірге енді қадам басқан студенттердің сөздері алғашқыда түйеден түскендей болып көрінер, десек те олардың әрбірі бір-бір белесті бағындырамыз деп келгендей.

Студенттер тарапынан айтылған пікірлерге риза болған ғалым ағамыз әрбір студентке өз батасын берді. Басқосу мәжілісінде студенттер Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубына мүше ретінде қабылданды. Байқағанымыз, осы сәтте әрбір студентке қанат біткендей, көңілдері көтеріліп, марқая бір жасап қалғандай. Олардың жазу өнеріне махаббаттары еселеніп, өмірлеріндегі кезекті кішігірім баспалдаққа көтерілгендей. Берілген тапсырманы шығармашылықпен орындап, тынбай тер төгуге уәде етті. Біз олардың болашақта білгір әрі білікті маман боларына сеніммен қарадық.

Жанар ҚАБДІРАХИМҚЫЗЫ,
Фил-21-топ («Филология: қазақ тілі» мамандығы)

Тілім - тұғырым

Қазақ тілім - қорғаным, қасиетім,
Елімен бірге көрген қасіретім.
Мен оның тазалығын жаным сүйіп,
Құдіретіне қашан да бас иемін.

Тәуелсізбін тілімнің арқасында,
Тарихы бар созылған сан ғасырға.
Болашаққа аманат боп әр кез де,
Ғұмыры тиісті оның жалғасуға.

Сейіліп көкейдегі көп күдігім,
Сан белеске қолымыз жетті бүгін.
Тұмарыңдай жарқырап тұрсын, жұртым,
Ана тілің - айбының, тектілігің.



Аружан МАРАТОВА,
ҚТОМҚТӘ-11-топ
("Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығы)

«Журналист» («Journalist») жаршысының жауапты редакторы – Жанар Қабдірахимқызы, фил-21-топ студенті. Тілшілері – Аружан Маратова, ҚТОМҚТӘ-11-топ, Гүлбибі Бақытбаева, Айкөркем Хамидуллина, фил-13-топ, Көркем Жұмаханова, ҚТӘ-11-топ. Кеңесші – А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі

Заседание круглого стола

«ФОРМУЛА УСПЕХА»

5-го октября 2018 года на факультете истории, экономики и права ЗКГУ им.М.Утемисова был проведен круглый стол на тему «Формула успеха» с участием представителей предприятий города Уральска.



На мероприятие были приглашены Машкова Светлана Николаевна - директор сети магазинов «Автодоктор», Жаркова Надежда Владимировна - директор ТОО Trust account, Идгеева Зухра - бизнес-тренер, Таканова Асель - эксперт, технолог, колорист, Мендыгазиева Лейла - HR менеджер агентства недвижимости «Контакт», Кадырова Жанар - директор частного агентства занятости, Гулицкая Евгения - бизнес-консультант, преподаватели кафедры Скок Елизавета Анатольевна, Другакова Любовь Александровна, а также учащиеся средней школы № 6 и студенты 1-4 курсов специальности учет и аудит, финансы.

Гости рассказали о своем жизненном пути, дали ценный совет по выбору профессии, ответили на вопросы выпускников. Каждый приглашенный поделился своим опытом в создании и развитии бизнеса, рассказал, какие необходимы навыки и умения для продвижения в рынок, роста бизнеса. Подобные встречи студентов, школьников и представителей предприятий уже стали хорошей традицией.

А.К. ТОГЖАНОВА

Поздравляем! С Днем бухгалтера!

От всей души поздравляем аппарат бухгалтерии ЗКГУ им. М.Утемисова с профессиональным праздником – Днем бухгалтера!

Современный бухгалтер – это специалист, обладающий отличным знанием бухгалтерского учета и налогового законодательства. Для этого необходимо много трудиться, постоянно повышать свою квалификацию. Но вместе с тем, именно багаж знаний бухгалтера и делает его крайне востребованным специалистом, без которого невозможна работа ни одного предприятия, независимо от формы собственности и вида деятельности.

Примите пожелания плодотворной работы, неиссякаемой творческой энергии, благополучия, успехов и процветания на долгие годы!

Кафедра «Учет и финансы»

Қоғамның рухани баюына не керек?

Айбергенова Нұрай: «Жаманның ақылы – білегінде, Жақсының білімі – жүрегінде», - демекші қазіргі қазақ қоғамының яғни жалпы жастардың рухани байлығы, білімі, салт-санасы осындай иық тіресетін алпауыт мемлекеттермен тең болуға шамасы жете ме? Бұл сұрақтар еліміз деп елжірейтін, толғанатын қайбір қазақты ойландырады. XIX ғасырдың көрнекті ғалымы Әлихан Бөкейханов сияқты нар тұлғалы, елінің қамын ойлаған арыстай азаматтардың жолын қуатын жастарымыз бар ма?

Біздің еліміз қаншама қиын-қыстау, тоқырау жылдарды кешсе де, қазіргі кезде Әлем мемлекеттері арасынан өз орнын, тәуелсіздігін алды. Ал, осы тәуелсіздік алғаннан кейінгі экономикамыз, түгел дерлік қоғамымыз тікелей жастардың патриотшылдығына, білім-парасатына байланысты. Ондай ұрпақтарды болашаққа жігер беріп дайындайтын ұлы тұлғалардың ұлы сөздері.

Қазақ арасында «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді.»-деген жақсы бір сөз бар. Осы тұрғыда бүкіл қазақ халқының ғалымы болып саналатын Абай атамның қара сөздері, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романы өшпес өнеге болмақ. Абай Құнанбайұлы қазақ халқының болмысын сипаттайтын, сынайтын тәрбиелік маңызы зор ұлы тұлғалардың бірі. Қазіргі дамыған заманда кітап оқитын, соның ішінде ұлыларының шығармаларын оқитын жастар қатары өте сирек болып барады. Инновациялық-технологиялар дамыған, әртүрлі ресурстармен қамтылған заманның жастарының басым көпшілігінің ойы, мақсаты жаратылыстану ғылымдарын меңгеру, жақсы табыс табу. Яки жақсы жұмыс табу, жақсы ақша табу жақсы өмірдің кепілі дегенімен, әр адамда ақшадан да қымбат рухани байлық болуы тиіс. Оған көмектесетін қазіргі заманның дара ойлайтын, рухани азығы мол адамдар.

Соның бірегейі филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті Омар Жәлелұлымен кездесу өтті. Қарастырылған тақырыбы «Ұрпағым ұлағатты болсын десеңіз...» атты тренингте біздің университетімізден физика-математика факультетінің ұстазы және

студенттері болып қатыстық. Бұл тренингте біз мақала басында айтылған, көкейде жүрген сұрақтарға нақты жауап алдық. Осындай бүгінгі таңның ұлы тұлғасы, Абайтанушы, Омар Жәлелұлы қазақ жастарының ойын өзгертуге, рухани баюға әсерін тигізетін адамдардың бірі. Тренинг барысында Абай Құнанбайұлының қара сөздерін, өлең жолдарын бізге мысал ретінде көрсетті. Сонымен қатар мұрат – білімнен шықпайтынын, мұрат тек мінезден шығатынын ұқтырды. Яғни біздің қазіргі кездегі мұратымыз – жақсы адам болып, халыққа пайдаңды тигізетін өнегелі жастардың қатарынан болу. Себебі қазіргі таңда оқыған адамдар өте көп, халыққа пайдасы тимейтін, керісінше зиянын тидіретін. Осы орайда Абдурахман Сағадиевтің:

Көп оқыған адамсың,

Үлгі тұтар ісің жоқ,

Кітап артқан көп есек,

Түк білмейтін надансың...-дейтін ұй-қас жолдарында барлығы айғақталады. Және де Омар Жәлелұлы ақылмен емес, жүрекпен сезінуге, ұғынуға кеңес береді. Абай атамыз айтқандай:

Ақылмен ойлап білген сөз,

Бойыңа жұқпас сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз,

Бар тамырды қуалар.

Қазаққа бірінші адам болуды, әр нәрсеге ынтамен, жүрекпен сезінуге шақырады. Олай болса Омар Жәлелұлы секілді қазақ қоғамының ұлы тұлғалары ақсап тұрған заманға өте қажет. Осы тренингтен алған әсеріміз өте керемет. Көп нәрсені ұғындық, түйдік. Тренингтен алған әсерімді өлеңмен жеткізетін болсам:

Ұлылардың ұлылығын ұлықтап,

Өнегесін өлең жырмен парақтап.

Болмысы боп саналатын Абайды,

Омар Жәлел қоғамына танытпақ.

Қара сөзден үзінділер келтіріп,

Болашаққа жақсы үмітпен сендіріп,

Қандай жақсы сондай ердің болғаны,

Бабалардың бізге жолын үлгі етіп!

Дидар Мұхамбетов: Бұрынғы қазақ қоғамында әр үйдің, әр шаңырақтың бір ғана мақсаты болды. Ол бала тәрбиесі еді. Семинар- тренинг осы сияқты көптеген тақырыпты қамтыды. Түсінгенім 100,



Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, Абайтанушы Омар Жәлелұлымен

түйгенім 1000. Қазіргі біздің беріп жатқан тәрбиеміз қандай? Қандай тәрбие беріп ұрпағымызды ұлағатты қыламыз? Қазақ айтпақшы «Меңіреу әйелден – меңіреу бала туады» ұрпағымыздың көзі ашық, көкірегі ояу, саналы болсын десек, алған жарымыздың бойында осындай мінездердің болуы қажет екен. Аталарымыз айтып кеткен: «Баланы 5 жасқа дейін патшандай сыйла, 13 жасқа дейін құлыңдай жұмса, 13 жастан кейін досыңдай сырлас» осы өсиетті орындап, баламызға уақыт тауып көңіл бөлу – біздің міндетіміз. Баламызға үйде ер жоқта тәрбие беретін жан бұл сенің жарың. Себебі «Еркек түздің адамы» дейді. Ал сол жарымыздың «текті» жерден болуы шарт екен. Неге? Себебі қазақ айтады:

«Қалың малың аз төлеп, тексіз жерден қыз алсаң, айтқаныңды сөз етер, Қалың малың көп төлеп текті жерден қыз алсаң, тік тұрып қызмет етер.» Ал текті жердің қызы деген қандай қыз? Ол – туысынан, байлығынан, руханилығы жағынан ең жоғарғы межедегі әйел заты. Ұлжан анамыз Абайды дәретсіз емізбеген, осыдан-ақ Абайдың арлы, таза, иманды екенін біле аламыз. Баламыздың ұлағатты болуының өзі жақсы тәрбиеден басталады, ал жақсы тәрбиенің бөлігі, бұл – кітап. Қазіргі жастар неге кітап оқымайды? Себебі – «сенімсіздік». Біз баланың кішкентайынан қолын қағып, жаңа нәрсені үйренуге талпынса, тыйым салып, қателессе «жұрттың баласымен» салыстырып тауын шағамыз. Оның барлығы баланың өсе келе өзіне сенімсіз, ынжық болып өсуіне әсер етеді. Әрбір баланың саналы да, сапалы ұрпақтың қатарынан болуы үшін, қашан да тәрбиенің сипаты маңызды орын атқарады.

Кадырова Г.М., Физика кафедрасының аға оқытушысы: Абайтанушы, ғалым Омар Жәлелұлының «Ұрпағым ұлағатты болсын десеңіз...» атты семинар-тренингінен кейін, мынадай ой келді: мектеп қабырғасында оқушыларға осы кісінің деңгейінде Абай атамның еңбектері түсіндірілсе, онда еліміз мықты мемлекет болар ма еді. Кездесуден керемет жан азығын алдым деп ойлаймын.

Тал бесіктен жер бесікке дейін білім іздеген қазақ сіздей-ақ болсын.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың ұлы Абай бабамыздың 1995 жылы болып өткен 150 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде айтқан мына салихалы ойы кімге болса да бағыт бергендей болады:

«...Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені, жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің атымен зауқы жоқ.

...Қазіргідей заманда Абай жырларына айына емес, аптасына емес, күніне бір үңіліп қоймай болмайды. Сонда жан қинап жүрген қай күмәннің де бәріне жауап таба аласың».

Бұл сөздер әрбір адамның дұрыс жетілуіне кепіл болатын, қоғам өмірінде басшылыққа алатын бағдарламалық ойлар тәрізді.

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Назар Каленович КУАНГАЛИЕВ

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ, Алтынгүл ДӘУЛЕТБАЕВА, Айша КЕМЕШОВА

Корректор: Айзада ДҮСЕНОВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46